

Ақжайық ауданы Базартөбе ауылдық округінің Қызылжар ауылының атаусыз көшесіне атау беру туралы

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Базартөбе ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 3 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 мамырда № 3915 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарын басшылыққа алып, Қызылжар ауылы халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Базартөбе ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақжайық ауданы Базартөбе ауылдық округінің Қызылжар ауылының атаусыз көшесіне мынадай атау берілсін:

№ 1 жобалық көшесіне – "Үкі би" көшесі.

2. Осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етуді және осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

А. Салимов